

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 261 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Еңбек кодексінің" 18-бабының 2-тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес облыстық бюджеттен қаржыландырылатын азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы

"__" _____ № ____ қаулысына

қосымша

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесі	
№	Лауазымның аты
1.	Басшы
2.	Басшының орынбасары
3.	Меңгеруші
4.	Меңгерушінің орынбасары
5.	Бас жаттықтырушы
6.	Бөлім басшысы
7.	Сектор басшысы
8.	Барлық мамандықты мұғалімдер
9.	мұғалім-дефектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог),

10.	мұғалім-логопед
11.	бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы
12.	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндіріске үйрету шебері
13.	педагог-психолог
14.	аккомпаниатор (сүйемелдеуші) (негізгі қызметтердің)
15.	концертмейстер (негізгі қызметтердің)
16.	тәлімгер (вожатый)
17.	тәрбиелеуші
18.	тәрбиелеуші-ана
19.	әдіскер (негізгі қызметтердің)
20.	жүзу бойынша нұсқаушы (негізгі қызметтердің)
21.	дене шынықтыру жетекшісі (негізгі қызметтердің)
22.	музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің)
23.	қосымша білім беретін педагог
24.	ұйымдастырушы педагог
25.	әлеуметтік педагог
26.	зертханашы
27.	хореограф (негізгі қызметтердің)
28.	жаттықтырушы-оқытушы

Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік саласы мамандары лауазымдарының тізбесі

1.	Басшы (директор)
2.	Басшының (директор) орынбасары
3.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
4.	Барлық мамандықтағы дәрігерлер
5.	Диеталық мейіргер
6.	Мейіргер
7.	Емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы
8.	Психолог
9.	Дефектолог
10.	Барлық мамандықтағы мұғалімдер
11.	Мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы)
12.	Еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы
13.	Фармацевт
14.	Әдіскер
15.	Тәрбиеші
16.	Логопед
17.	Музыкалық жетекші
18.	Акушер

19.	Кітапханашы
20.	Бөлім басшысы
21.	Құрылымдық бөлімшенің маманы
22.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант
23.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент
Ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет саласы мамандары лауазымдарының тізбесі	
1.	Басшы (директор)
2.	Басшының (директор) орынбасары
3.	Меңгеруші (клуб, музей)
4.	Жетекші (ұжым, үйірме)
5.	Музыкалық жетекші
6.	Көркемдік жетекші
7.	Мұрағатшы
8.	Экскурсовод
9.	Қор сақтаушы
10.	Ғылыми қызметкер
11.	Әдіскер
12.	Кітапханашы
13.	Аккомпониатор
14.	Хореограф
15.	Мәдени ұйымдастырушы
16.	Барлық атаудағы әртіс
17.	Дыбыс операторы
Ауылдық жерде жұмыс істейтін дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесі	
1.	КММ және МКҚК басшысы және басшысының орынбасарлары
2.	Әдіскер
3.	Медициналық қызметкер
4.	Жаттықтырушы: барлық спорт түрлері бойынша
5.	Нұсқаушы
6.	Спорт нұсқаушы, КММ филиалының жетекшісі
7.	Бөлім басшысы
8.	Спорт ғимаратының жетекшісі (меңгерушісі)
9.	Жаттықтырушы-массажшы
10.	Педагог-психолог
11.	Тәрбиеші
12.	Тәрбиешінің көмекшісі
Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін орман шаруашылығы мамандарының лауазымдарының тізімі	
1.	Басшы (директор)

2.	Басшының орынбасары (директор орынбасары)
3.	Бас инженер
4.	Бас аңшы
5.	Барлық мамандық инженері
6.	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша инженер
7.	Аңшы
8.	Орманшылықтың басшысы (орманшы)
9.	Орманшылық басшысының орынбасары (орманшының көмекшісі)
10.	Орман питомнигінің басшысы
11.	Орман шебері (бөлігі)
12.	Орман күтуші (инспекторы)
13.	Орман өрт сөндіру бастығы
14.	Механик